

"1998 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын жүзеге асыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 30 желтоқсандағы N 1864

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының 1998 жылға арналған республикалық бюджеті 1-ші қосымшаға сәйкес: кірістері бойынша - 196503609 мың теңге, шығыстары бойынша - 281334379 мың теңге, таза несие бойынша - 33231936 мың теңге, республикалық бюджет тапшылығының шекті мөлшері бойынша - 110607506 мың теңге немесе жиынтық ішкі өнім бойынша 5,5 проценті болып атқарылуға қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасының министрліктері, мемлекеттік комитеттері, Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамына кірмейтін орталық атқарушы органдары, сондай-ақ басқа да мемлекеттік органдар мен ұйымдар Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне 1998 жылдың 10 қаңтарына дейін қаржыларды айларға байланысты бөлу жөнінде белгіленген үлгі бойынша ұсыныс тапсырсын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1998 жылдың 7 қаңтарына Қазақстан Республикасының министрліктеріне, мемлекеттік комитеттеріне, Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамына кірмейтін орталық атқарушы органдарына, республикалық бюджеттен қаржыландырылатын басқа да мемлекеттік органдар мен ұйымдарға инвестициялық жобаларға және зейнетақыларды төлеу жөніндегі трансферттерге арналған қаржылардан басқа, республикалық бюджеттің қаражатынан жұмсалатын шығындардың барлық түрлерінің тоқсандық лимиттерін жеткізсін.

4. "Қазақтелеком" ашық акционерлік қоғамының, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің жанындағы почта байланысы республикалық, мемлекеттік кәсіпорындарын, "Қазақстан темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелеріне арналған заңды тұлғалардан табыс салығын алу жөніндегі есептердің орталықтандырылған тәртібі сақталсын.

5. 1998 жылы Қазақстан Республикасының елшіліктерінен және Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінен түсетін консулдық алымдар республикалық бюджеттің кірісіне есептеледі деп белгіленсін.

6. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігімен, Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының Ұлттық аэроғарыш агенттігімен және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен бірлесіп "Байқоңыр" кешенінің объектілерін пайдаланғаны үшін жалдау ақысының түсуін қамтамасыз ету жөнінде Ресей Федерациясының тиісті

мемлекеттік органдарымен қажетті шаралар жүргізсін.

7. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен қол қойылған келісімдерге сәйкес бұрын санациялау мен оңалтуға алынған несиелердің 1998 жылы республикалық бюджетке қайтарылуын қамтамасыз етсін.

Осы мақсатта Қазақстан Республикасының мемлекеттік медетші банкі 1998 жылдың 15 қаңтарына дейін Қаржы министрлігіне әрбір қарыз алушы бойынша несиелердің қайтарылуы жөнінде қолданылатын шаралар кешенін бекітуге тапсырсын.

8. Қаржы министрлігі, Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасымен (келісім бойынша), Ұлттық қауіпсіздік комитетімен (келісім бойынша) және уәкілетті агент-банктермен бірлесе отырып, Қазақстан Республикасының кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдар бойынша, директивалық несиелер мен өзара борыштарды республикашілік есептеу нәтижелері бойынша берілген несиелер және өзге де бюджеттік несиелердің түрлері бойынша түпкі қарыз алушылардан берешекті өндіріп алуды қамтамасыз етсін.

9. Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігімен бірлесіп қажет болған жағдайда ақшалай қаражаттарды республикалық бюджетке қайтару мақсатында түпкі қарыз алушылардың берешектерін қайта құрылымдау туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына ұсыныс жасасын.

10. "Азық-түлік келісім корпорациясы" жабық үлгідегі акционерлік қоғамы 1998 жылдың 31 наурызына дейінгі мерзімде 1996-1997 жылдардың 2437000 мың теңге сомасындағы мемлекеттік астық өнімдерін сатып алу үшін бөлінген қаражаттың республикалық бюджетте қайтарылуын қамтамасыз етсін.

11. Қазақстан Республикасының Халықаралық ұйымдарға енуі туралы шешім заңдарда белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігімен, Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігімен, Қаржы министрлігімен және Әділет министрлігімен алдын ала келісілгеннен кейін қабылданады деп белгіленсін.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі республикалық бюджетте осы мақсаттарға арналған қаражаттың шегінде Қазақстан Республикасының Халықаралық ұйымдармен ынтымақтастығы жөніндегі сараптық кеңесінің шешімі негізінде халықаралық ұйымдарға жарналар төлеуге арналған қаражат бөлуді жүзеге асырсын.

12. Алматы қаласының әкімі 1998 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Мемлекеттік шекара күзеті жөніндегі комитетінің N 36 балабақшасын бюджеттік қаржыларға сәйкес жергілікті бюджетте ұстауға белгіленген тәртіппен қабылдасын және оның ойдағыдай жұмыс істеуін қамтамасыз етсін.

13. Облыстардың, Алматы қаласының әкімдері белгіленген тәртіппен 1998 жылдың

1 қаңтарынан бастап жергілікті бюджетте ұстауға әкімшілік полициясы бөлімшелерін, уақытша ұстау орындарын, облыстық, қалалық және аудандық ішкі істер органдарының техникалық қызметкерлерін қамтамасыз ету қызметін тұтастай алғанда 2-қосымшаға сәйкес штаттық адам санымен қабылдайтын болсын.

14. 3-қосымшаға сәйкес "Қазақстан темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ведомстволық бағыныстағы темір жол ауруханаларын оның тарапынан материалдық-техникалық жабдықтауды қамтамасыз ете және денсаулық сақтау мекемелерінің қызметкерлеріне қолданылып келген жеңілдіктерді бере отырып ұстау тәртібі сақталсын.

15. Облыстардың, Алматы қаласы мен астананың әкімдері:

бір тұрғынға шаққандағы темір жол медициналық ұйымдары қызмет көрсететін, халықтың жұмыс істемейтін бөлігін қоса алғанда, Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Міндетті медициналық сақтандыру қорының бөлімшелеріне сақтандыру төлемдерінің толық және уақытында аударылуын қамтамасыз етсін;

мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша, жасы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды, сондай-ақ мемлекеттік-әлеуметтік жәрдемақыларды алушыларға жерлеуге арналған жәрдемақыларды, ҰОС-ның қатысушылары мен мүгедектеріне белгіленген мөлшердегі жерлеуге арналған жәрдемақыларды төлеуді қамтамасыз етсін;

1998 жылдың 1 қаңтарынан бастап заң актілерінде белгіленген тәртіппен азаматтардың жекелеген санаттарына санаторлық-курорттық емдеудің және материалдық көмек көрсетудің құнын өтеуді жүзеге асырсын.

16. Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігі:

1998 жылдың 1 ақпанына дейін облыстардың, Алматы қаласы мен астананың әкімдерімен келісе отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметіне 1998 жылға арналған көшіп келу квотасы бойынша облыстар тұрғысында ұсыныс енгізсін;

репатрианттарды тасымалдау үшін тасымалдаушыны іріктеу жөнінде конкурстық рәсімдер қолдану арқылы 1998 жылға арналған көші-қон квотасына сәйкес ТМД-ға мүше елдерді қоспағанда шет мемлекеттерден республикаға байырғы ұлт адамдарының ұйымдасқан түрде көшіп келуін республикалық бюджеттің есебінен жүзеге асырсын.

17. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі 1998 жылдың 1 қаңтарынан бастап балалы отбасыларына белгіленген тәртіппен жәрдемақылардың барлық түрін тағайындауды қамтамасыз етсін.

18. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, Мемлекеттік ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры 615000 мың теңге сомасындағы бұрын лизинг бойынша келісім шарттардың тәртібінде берілген ауыл шаруашылығы техникасы үшін түсімдердің республикалық бюджетке түсуін қамтамасыз етсін.

19. Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі 1998 жылдың 1 ақпанына дейінгі мерзімде Табиғатты қорғау қоры туралы ережені "

Қоршаған ортаны қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес келтіретін болсын.

20. Радиоэкология, экологиялық аудандастыруды қоса алғанда, республикалық және аймақаралық табиғат қорғау шараларын қаржыландыру Республикалық қоршаған ортаны қорғау қорының қаражаты есебінен жүзеге асырылады деп белгіленсін.

21. Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалау жөніндегі агенттігі, "Шағын бизнесті қолдау қоры" жабық акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен және Ұлттық Банкімен келісе отырып, 1998 жылдың 25 қаңтарына дейін екінші деңгейдегі банктердің шағын және орта бизнесті дамытуға жеңілдікті жағдайларда несие беруге байланысты шығындарды өтеуінің тәртібін әзірлесін және оны кейін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірлесіп Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізсін.

22. Ауыл шаруашылығы министрлігі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен, Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігімен және Ұлттық Банкімен келісе отырып, 1998 жылдың 20 қаңтарына дейінгі мерзімде:

Лизинг жағдайларында ауыл шаруашылығы техникасын беруді ұйымдастыруға арналған қаражатты бөлудің және қайтарудың тәртібін;

Қайтарымсыз негізде Мемлекеттік ауыл шаруашылығын қаржылай қорғау қорынан қаражат бөлудің тәртібін;

Республикалық бюджеттің қаражатының есебінен ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге жеңілдікті несие берудің тәртібін әзірлесін және оларды Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізсін.

23. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісіп, 1998 жылдың 20 қаңтарына дейінгі мерзімде 70000 мың теңге сомасындағы республикалық бюджеттен қаржыландырылатын, жалпы республикалық маңызы бар жобалау-іздістіру жұмыстарының тізбесін бекітсін.

24. Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі Қорғаныс министрлігімен, Энергетика, индустрия және сауда министрлігімен және Ғылым министрлігі - Ғылым академиясымен бірлесе отырып, 1998 жылғы 1 ақпанға дейін Қазақстан Республикасының Үкіметіне Қазақстан Республикасының қорғаныс өнеркәсібін дамыту мен конверсиялаудың ұзақ мерзімді кезеңге арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберіндегі конверсиялық жобаларға сәйкес 600000 мың теңге сомасындағы қаржыны бөлу жөнінде ұсыныс енгізсін.

25. Ақтөбе, Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарының әкімдері Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің орта арнаулы оқу орындарын 4-қосымшаға сәйкес белгіленген тәртіппен қабылдасын.

26. Ақмола, Алматы облыстары мен Алматы қаласының әкімдері жерді және жылжымайтын мүліктерді тіркеудің пилоттық жобасын іске асыру жөніндегі жұмысты

және барлығы 245700 мың теңге сомасындағы, оның ішінде Ақмола облысы бойынша - 81900 мың теңге, Алматы облысы бойынша - 122850 мың теңге және Алматы қаласы бойынша - 40950 мың теңге сомасындағы, жергілікті бюджеттерде көзделген қаражаттың есебінен уақытында қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

27. Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен бірлесіп 1998 жылдың 20 қаңтарына дейін мемлекеттік сыртқы қарыздардың қаражатына жүзеге асырылатын инвестициялық жобаларды іске асыратын органдардың жанындағы жұмыс топтары туралы ережені әзірлеп, бекітсін.

28. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1998 жылдың 25 қаңтарына дейін Қазақстан Республикасының Үкіметіне министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, орталық атқарушы органдардың, сондай-ақ басқа да мемлекеттік органдардың тұрғысында еңбекке ақы төлеу қорының және әкімшілік шығыстарына арналған республикалық бюджетте көзделген қаржылар шегіндегі іссапар шығындарының лимитін ұсынсын.

29. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру жөніндегі департаменті аукциондар мен тендерлерді жүргізуге, мемлекеттік меншікті басқару тиімділігінің мониторингін жүргізуге және мемлекет қатысатын кәсіпорындар мен шаруашылық серіктестіктерінің тізілімін жүргізуге байланысты шығындарды қаржыландыруға пайдаланатын қаражаттың шекті мөлшерін жекешелендіруден түсетін қаражаттың бес процентінен аспайтын сомада белгілесін. <*>

Делдалдың (андеррайтердің) қызметін пайдалану арқылы акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін сату кезіндегі шығындардың сомасы осы тармақтың бірінші абзацында белгіленген шекті мөлшер есепке алынбастан, жоғарыда аталған қызметтерді көрсетуге арналған шартпен айқындалады. <*>

ЕСКЕРТУ. 29-тармақ өзгерді және жаңа абзацпен толықтырылды -
ҚРҮ-нің 1998.03.31. N 272 қаулысымен. P980272_

30. Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі 1998 жылғы 1 ақпанға дейін Қазақстан Республикасының Үкіметіне Ақмола қаласын дамытудың бірінші кезектегі объектілерін қоса алғанда, Қазақстан Республикасының 1998 жылға арналған инвестициялық бағдарламасы жөнінде ұсыныс енгізісін.

31. Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі, Қаржы министрлігі, Энергетика, индустрия және сауда министрлігі мен Әділет министрлігі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісе отырып, 1998 жылғы 20 қаңтарға дейін Жаңа тұрғын үй саясатын пилоттық жобалар арқылы жүзеге асырудың тетіктері жөніндегі тәртіпті әзірлесін және оны Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне енгізісін.

32. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі, Қаржы министрлігі мен Стратегиялық жоспарлау және реформалау жөніндегі агенттігі 1998 жылдың 20 ақпанына дейін қуаттардың жаңартылған көздерін дамыту бағдарламасын жүзеге асыруға бағытталған 200000 мың теңге сомасындағы қаражатты қайтарымдық негізде бөлудің тәртібін әзірлесін және оны Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне енгізісін.

33. Қазақстан Республикасының министрліктері, мемлекеттік комитеттері, Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамына кірмейтін орталық атқарушы органдары, республикалық бюджеттен қаржыландырылатын басқа да мемлекеттік органдар мен ұйымдар, жергілікті атқарушы органдар, сондай-ақ бюджеттен тыс қорларды басқару органдары:

тауарларды, жұмыстар мен қызмет көрсетулерді сатып алуды жүзеге асыру кезінде "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын, мемлекеттік сатып алулар процесін реттейтін басқа да нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алсын;

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгілеген тәртіппен және үлгі бойынша жүргізілетін мемлекеттік сатып алулар туралы ақпарат беріп отырсын;

тоқсандар бойынша бекітілген сомалардың шегінде заттай және құны түрінде көлемдерін көрсету арқылы, олардың түрлері мен топтары бойынша 1998 жылы республикалық бюджеттің қаражаты есебінен сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және қызмет көрсетулердің тізбесін жасасын және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгілеген нысан мен тәртіп бойынша Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне ұсынсын;

есепті кезең өткен соң, 25 күннен кейін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгілеген үлгі бойынша бекітілген жылдық сомалардың шеңберінде республикалық бюджет бойынша қабылданған қаржылық міндеттемелердің орындалуының тоқсандық есептерін тапсырсын; Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне ол бекіткен нысан бойынша, есепті айдан 15 күн өткен соң, қаржы міндеттемелері бойынша дебиторлық және несиелік берешек туралы ақпаратты табыс етсін.

34. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

заңдарда белгіленген тәртіппен жүргізілген конкурстардың нәтижесі бойынша мемлекеттік сатып алуларға жұмсалған шығындарды қаржыландыруды жүзеге асырсын ;

1998 жылдың 15 қаңтарына дейін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі конкурстық негізде сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен қызмет көрсетулердің номенклатурасын және конкурстарды ұйымдастырушы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі болатын олардың тапсырысшыларының тізбесін белгіленген

тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізісін;

1998 жылдың 1 ақпанына дейін республикалық және жергілікті бюджеттер қаржыландыратын ұйымдарға арналған, сондай-ақ бюджеттен тыс қорлар бойынша мемлекеттік сатып алу және несиелік борыштар бойынша жүргізілетін есептердің тәртібі мен үлгісін әзірлесін және бекітсін.

35. Министрліктер, ведомстволар, Ақмола облысы мен Ақмола қаласының әкімдері 1998 жылғы 15 қаңтарға дейін Ақмола қаласында тиісті министрліктердің, ведомстволардың, Ақмола облысының және Ақмола қаласының мемлекеттік органдарын ұстауға арналған штаттық адам саны мен шығындардың есебінен Ақмола қаласында мемлекеттік органдарын ұйымдастырсын.

Ақмола облысы мен Ақмола қаласының әкімдері 1998 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бекіткен нысан бойынша облыс пен Ақмола қаласы бюджеттерінің орындалуы туралы ай сайын есеп беріп тұрсын.

36. Облыстардың, Алматы қаласы мен астананың әкімдеріне 1998 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша жергілікті бюджет қаражатының бос қалдығын жалақы төлеу және басқа әлеуметтік төлемдер жөніндегі борыштарды өтеу үшін басым тәртіпте пайдалану ұсынылсын.

37. Мемлекеттік органдарды реформалау және бюджеттік қаржыларды ұтымды пайдалану жөнінде жүргізіліп отырған шараларға байланысты Қазақстан Республикасының министрліктеріне, мемлекеттік комитеттеріне, орталық атқарушы органдарына, оның ішінде Қазақстан Республикасының құрамына кірмейтіндеріне, және басқа мемлекеттік органдарға бір жыл бойы штаттағы адамдардың санын және оларды ұстауды қаржыландыруды ұлғайту туралы ұсыныс жасауға тыйым салынсын. Бұл мәселелер жөніндегі ұсыныстар алдағы қаржылық жылдың бюджетін жасау кезінде қаралады деп белгіленсін.

38. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігімен және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесімен бірлесіп 1998 жылдың 15 қаңтарына дейін Қазақстан Республикасының Үкіметі мемлекеттік кәсіпорындар мен қаржылық секторларды дамытуға арналып Халықаралық Қайта жаңарту және Даму банкісінен алынатын 515970 мың теңге сомасындағы мемлекеттік сыртқы қарыз қаражатын атаулы бөлу туралы ұсыныс енгізісін.

39. Қазақстан Республикасының Энергетика, өнеркәсіп және сауда министрлігі мен Қаржы министрлігі 1998 жылдың 20 қаңтарына дейінгі мерзімде министрліктердің, ведомстволардың және жергілікті өкілетті және атқарушы органдардың қызметтік ғимараттарды пайдалануының тәртібі мен нормативтерін әзірлесін және бекітсін.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1998 жылдың 1 сәуіріне дейін белгіленген межелерден артық пайдаланылып келген ғимараттарды қайта бөлуді

қамтамасыз етсін.

40. Облыстар мен Алматы қаласының және астананың әкімдеріне жергілікті бюджетте тұратын ұйымдардың соңғыларының жергілікті бюджетке берешектерін өтеу есебінен есептеу жолымен ұйымдарға (тауар, жұмыс және қызмет көрсету берушілерге) пайда болған берешектерін өтеуді қоя тұру ұсынылсын.

41. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мен Көлік және коммуникациялар министрлігі және Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Міндетті медициналық сақтандыру қоры ұйымдарға (тауарлар, жұмыстар берушілер мен қызмет көрсетушілерге) мемлекеттік бюджеттен тыс қорлардың жинақталып қалған борыштарын соңғылардың бюджеттен тыс қорға төленетін төлемдер жөніндегі борыштарды жабуы есебінен есептеме жасау жолымен (заттай төлемді қоса алғанда) өтеу жүргізбейтін болсын.

42. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі мүдделі

министрліктермен, мемлекеттік комитеттермен және басқа да мемлекеттік органдармен бірлесіп 1998 жылдың 1 ақпанына дейін Қазақстан Республикасының Үкіметіне бұрын қабылдаған шешімдерін осы қаулымен сәйкес келтіру туралы ұсыныс енгізсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 30 желтоқсандағы
N 1864 қаулысына
1-қосымша

Қазақстан Республикасының 1998 жылға
арналған республикалық бюджеті

Санаты

Сыныбы

Сынапша

Ерекшелігі

Атауы

Сомасы
(мың теңге)

1 2 3 4

5

6

	1. Кірістер	196503609
1	САЛЫҚ ТҮСІМДЕРІ	127863115
1	Кірістерге және капитал өсіміне салынатын табыс	33161049
1	Заңды тұлғалардан алынатын табыс салығы	26652283
1	Резидент-заңды тұлғалардан алынатын табыс салығы	23987322
2	Резидент емес-заңды тұлғалардан алынатын табыс салығы	2664961
2	Жеке тұлғалардан алынатын табыс салығы	6508766
1	Жеке тұлғалардан алынатын, төлем көзінен ұсталатын табыс салығы	6508766
4	Меншікке салынатын салықтар	600000
2	Бағалы қағаздар эмиссиясын тіркегені үшін алымдар	600000
1	Бағалы қағаздар эмиссиясын тіркегені үшін алымдар	600000
5	Тауарларға, жұмыстар мен қызмет көрсетулерге салынатын ішкі салықтар	85012066
1	Қосылған құнға салынатын салық	60900773
1	Ішкі өндіріс тауарларына, жұмыстар мен қызмет көрсетулерге салынатын қосылған құн салығы	47900773
2	Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін тауарларға салынатын қосылған құн салығы	13000000
2	Акциздер	7917603
19	Бензин	6333603
29	Өңделмеген мұнай	1584000
3	Табиғи ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	16193690
5	Ішкі жер қойнауын пайдаланушылардан алынатын бонустар	1514000
6	Ішкі жер қойнауын пайдаланушылардан алынатын роялти	14679690
6	Халықаралық сауда мен сыртқы операцияларға салынатын салықтар	9090000
1	Кеден төлемдері	6290000
1	Импорттық кеден баждары	6290000

2	Халықаралық сауда мен операцияларға салынатын басқа да салықтар	2800000
1	Кедендік бақылау мен кедендік рәсімдерді жүзеге асырудан түсетін түсімдер	2800000
2	САЛЫҚҚА ЖАТПАЙТЫН ТҮСІМДЕР	17680594
1	Кәсіпкерлік қызмет пен меншіктен түсетін кірістер	14982744
2	Заңды тұлғалардан және қаржы мекемелерінен түсетін салыққа жатпайтын түсімдер	14890500
1	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің табыстарынан түсетін түсімдер	400000
3	Мемлекетке тиесілі акциялар пакетіне дивидендтер түсімі	3500000
5	Тәркіленген, иесіз мүлікті, мемлекетке мұрагерлік құқық бойынша өткен мүлікті, қазыналарды, тауып алған заттарды сатудан түсетін түсімдер	57000
6	Республика ішінде берілген қарыздар мен несиелер үшін алынатын сыйақылар (мүдделер)	515000
10	"Байқоңыр" кешенін пайдаланғаны үшін жалгерлік төлем	9418500
11	Қазақстан Республикасы Үкіметінің депозиттері бойынша алынған сыйақылар (мүдделер)	1000000
3	Меншіктен түсетін басқа да кірістер	92244
4	Шет мемлекеттердің Үкіметтеріне мемлекеттік несиелер берілгені үшін алынатын сыйақылар (мүдделер)	92244
2	Әкімшілік алымдар мен төлемдер, коммерциялық емес және жолай сатудан алынатын кірістер	1718900
1	Әкімшілік алымдар	885000
7	Қазақстан Республикасының азаматтарына төлқұжаттар беру үшін төлемдер, үй кітаптарын сатудан түскен түсімдер	600000
10	Басқа да әкімшілік алымдары	285000
3	Басқа да төлемдер және коммерциялық емес және жолай сатудан алынатын кірістер	833900
1	Мемлекеттік мүлікті пайдаланғаны үшін төлем	200000
9	Басқа да төлемдер және коммерциялық емес	633900

және жолай сатудан алынатын кірістер

3	Айыппұлдар мен санкциялардан түсетін түсімдер	19500	
1	Айыппұлдар мен санкциялардан түсетін түсімдер	19500	
3	Стандарттар мен сертификаттау ережелердің талаптарына сәйкес келмейтін өнімдерді, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді сатудан алынған табыстар сомасының түсімі	10500	
7	Экономикалық нормативтерді және статистикалық есеп берудің Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген мерзімдерін бұзғаны үшін екінші деңгейдегі банктерге қолданылатын санкция сомаларының түсімі	9000	
5	Салыққа жатпайтын өзге түсімдер	959450	
1	Салыққа жатпайтын өзге түсімдер	959450	
3	Қоршаған ортаны қорғау қорына түсімдер	674850	
9	Салыққа жатпайтын өзге түсімдер	284600	
3	КАПИТАЛМЕН ЖАСАЛҒАН ОПЕРАЦИЯЛАРДАН АЛЫНАТЫН КІРІСТЕР		50959900
1	Негізгі капиталды сату	45000000	
1	Негізгі капиталды сату	45000000	
4	Мемлекеттік меншікті жекешелендіруден түсетін түсімдер	45000000	
2	Мемлекеттік қорлардан тауарлар сату	5959900	
1	Мемлекеттік қорлардан тауарлар сату	5959900	
1	Мемлекеттік материалдық резервтерден тауарлар сатудан түсетін түсімдер	3522900	
2	Мемлекеттік қорлардан астық сатудан түсетін түсімдер	2437000	
	II. Алынған ресми трансферттер (гранттар)	7455200	
4	АЛЫНҒАН РЕСМИ ТРАНСФЕРТТЕР (ГРАНТТАР)		7455200
1	Басқа деңгейлердегі мемлекеттік басқару органдарынан	6300000	
5	Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорына сақтандыру жарналары бойынша берешектерді	6300000	

өтеу		
2	Сыртқы көздерден	1155200
1	Сыртқы көздерден	1155200
1	Ағымдағы	500000
2	Күрделі	655200

Ф/тон

Функция

Шағын функция

Мекеме

Атауы

Сомасы
(мың теңге)

1	2	3	4	5	6
					III. Шығыстар
					281334379
1					Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызмет көрсетулер
					32387419
1					Заң шығарушы орган және басқа функцияларға енгізілмеген өзге де органдар, қаржы және салық-бюджет саясаты, шет мемлекеттерге экономикалық көмек көрсетуді қоспағанда сыртқы экономикалық қызмет
					23385944
1					Заң шығарушы орган және басқа функцияларға енгізілмеген өзге де органдар
					1431766
					101 Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі
					372272
					102 Қазақстан Республикасы Парламентінің Шаруашылық Басқармасы
					789555
					104 Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі
					238741
					637 Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі
					31198
2					Қаржы және фискальдық қызмет
					15373936
					217 Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі
					15239250
					311 Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті
					65764

406	Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті	27922
660	Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы	41000
3	Сыртқы экономикалық қызмет	6580242
204	Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі	3310101
208	Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі	244980
217	Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі	2133510
411	Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Өзбекстан Республикасы Мемлекетаралық Кеңесінің атқарушы комитеті	16896
601	Қазақстан Республикасының "Барлау" қызметі	299880
698	Аралды құтқару халықаралық қоры	574875
3	Іргелі зерттеулер	4084113
206	Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы	4084113
4	Жалпы сипаттағы қызмет көрсетулер	4200935
2	Жалпы жоспарлау және статистикалық қызметтер	1439372
604	Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі	1439372
3	Жалпы сипаттағы өзге де қызметтер	2761563
603	Қазақстан Республикасы Президентінің архиві	27947
617	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік орталық архиві	21878
621	Қазақстан Республикасының Жоғары және орталық мемлекеттік органдарын Ақмола қаласына көшіру жөніндегі мемлекеттік комиссиясы	20473
646	Қазақстан Республикасының Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты	20622
680	Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі	938658
694	Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы	923154

	696 Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің Шаруашылық Басқармасы	808831
5	Басқа санаттарға жатқызылмаған жалпы сипаттағы мемлекеттік қызмет көрсетулер	716427
	676 Азық-түлік контракт корпорациясы	500000
	690 Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы	216427
2	Қорғаныс	17544752
1	Әскери мұқтаждарға байланысты қызмет	16345542
1	Әскери мұқтаждар	16345542
	208 Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі	15711418
	678 Республикалық ұлан	634124
4	Басқа санаттарға жатқызылмаған қорғаныс саласындағы қызмет	1199210
	308 Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі комитеті	1199210
3	Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік	27875754
1	Ішкі істер органдары	8197677
	201 Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі	5537816
	624 Ішкі әскерлер бас басқармасы	2659861
2	Соттар және прокуратура	4890436
	221 Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі	2741530
	501 Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты	364190
	502 Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы	1784716
3	Қылмыстық-атқару жүйесі	5066207
	623 Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті	5066207
4	Басқа санаттарға жатқызылмаған қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік	9721434
	303 Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Шекара күзеті жөніндегі комитеті	3936607
	410 Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті	5094497
	601 Қазақстан Республикасының "Барлау" қызметі	615055
	649 Эргономика институты	75275

4	Білім беру	17967461	
1	Мектепке дейінгі білім беру	396954	
	208 Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі	41243	
	215 Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі	102550	
	224 Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі	220107	
	696 Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің Шаруашылық Басқармасы	30478	
	697 Қазақстан Республикасының Президенті Іс Басқармасының Медициналық орталығы	2576	
2	Бастауыш және орта білім беру	3091436	
	215 Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі	190633	
	224 Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі	2900803	
4	Арнаулы орта білім беру	958555	
	201 Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі	328390	
	208 Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі	89281	
	217 Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі	77427	
	224 Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі	463457	
5	Кадрларды кәсіби даярлау	199459	
1	Кадрларды қайта даярлау жөніндегі оқу орындары мен курстар	199459	
	204 Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі	1364	
	206 Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы	18879	
	213 Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі	3318	
	217 Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі	1318	
	221 Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі	8752	

	224 Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі	125915
	641 Әл-Фараби атындағы Қазақ Мемлекеттік Ұлттық университеті	18715
	648 Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және біліктілігін арттыру институты	21198
6	Жоғары білім беру	11468614
	201 Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі	359798
	204 Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі	96358
	208 Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі	764223
	217 Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі	72852
	224 Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі	8481533
	308 Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі комитеті	42183
	410 Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті	309283
	611 Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық Жоғары Мемлекеттік Басқару Мектебі	50000
	640 Қ.Яссауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті	266245
	641 Әл-Фараби атындағы Қазақ Мемлекеттік Ұлттық университеті	993572
	645 Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан менеджмент, экономика және болжау институты	32567
7	Деңгейлері бойынша айқындалмайтын білім беру саласындағы қызметтер	1782199
	224 Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі	1622199
	299 Басқа ұйымдар	160000
8	Білім беру саласындағы қосалқы қызметтер	70244
	212 Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы	2000

	министрлігі	
	224 Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі	53187
	604 Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі	15057
5	Денсаулық сақтау	10916354
1	Ауруханалар	7785702
1	Кең профильді ауруханалар	6692608
	224 Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі	5909337
	697 Қазақстан Республикасының Президенті Іс Басқармасының Медициналық орталығы	783271
3	Медициналық орталықтар мен перзентханалар	21307
	224 Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі	21307
5	Басқа ішкі топтарға жатқызылмаған аурухана мекемелерінің жұмысы мен қызмет көрсетулері	1071787
	201 Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі	96375
	208 Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі	226248
	224 Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі	655200
	303 Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Мемлекеттік шекара күзеті жөніндегі комитеті	83232
	678 Республикалық ұлан	10732
2	Емханалар және дәрігерлер, тіс дәрігерлері мен орта медициналық қызметкерлердің қызмет көрсетуі	100979
	224 Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі	69460
	410 Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті	31519
3	Халықтың денсаулығын сақтау	1492041
	224 Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі	1230936
	697 Қазақстан Республикасының Президенті Іс Басқармасының Медициналық орталығы	261105
6	Денсаулық сақтау саласындағы басқа санаттарға	1537632

	жатқызылмаған жұмыс пен қызмет көрсетулер	
	224 Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі	1537632
6	Әлеуметтік сақтандыру және қамсыздандыру	9190295
1	Әлеуметтік сақтандыру	8840367
2	Зейнетақы бағдарламалары	7863417
	201 Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі	4362170
	208 Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі	2727719
	213 Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі	66228
	303 Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Мемлекеттік шекара күзеті жөніндегі комитеті	237600
	410 Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті	469700
6	6 Әлеуметтік көмектің басқа да түрлері	976950
	213 Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі	151537
	215 Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі	825413
3	Әлеуметтік қамсыздандыру	269439
2	Әлеуметтік қамсыздандыру - интернат үлгісіндегі басқа да мекемелер	30970
	213 Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі	30970
5	Интернат үлгісіндегі мекемелер арқылы көрсетілмейтін әлеуметтік қамсыздандыру жөніндегі қызмет көрсетулер	238469
	213 Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі	238469
4	Басқа санаттарға жатқызылмаған әлеуметтік сақтандыру мен әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы қызметтер	80489
	213 Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі	80489
8	Демалысты ұйымдастыру және мәдениет саласындағы қызмет	9855995

1	Бос уақыт пен демалысты ұйымдастыру	1404720
	224 Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі	1338544
	230 Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі	64895
	696 Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің Шаруашылық Басқармасы	1281
2	Мәдениет саласындағы қызмет	3215892
	224 Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі	2933407
	230 Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі	282485
3	Теледидар және радиохабарлары, баспа мекемелері мен қызметтері	5107007
	230 Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі	751863
	650 "Қазақстан теледидары және радиосы" корпорациясы	3028183
	656 "Мир" мемлекет аралық телерадио компаниясы	17110
	686 "Қазақстан Республикасы Президентінің телерадиокешені" мемлекеттік мекемесі	57426
	689 Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Хабар агенттігі" республикалық мемлекеттік кәсіпорны	1252425
5	Басқа ішкі топтарға жатқызылмаған мәдениет және дін саласында демалыс пен қызметті ұйымдастыру	128376
	230 Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі	128376
9	Отын-энергетика кешені	1150000
9 1	Отын	1150000
1	Көмір және қатты қазба отынның басқа да түрлерін өндіру	1150000
	699 Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкі	1150000
10	Ауыл, су және орман шаруашылығы, балық аулау, аң аулау және табиғат қорғау	7604294
1	Ауыл шаруашылығы	6042141
1	Ауыл шаруашылық жерлері мен су ресурстарын	916899

	басқару		
	212 Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі	916899	
2	Жер реформалары және жерге орналастыру	468450	
	212 Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі	468450	
3	Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін қолдау	2500000	
	212 Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі	2500000	
5	Мал дәрігерлік қызмет көрсету	1164064	
	212 Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі	1164064	
6	Ауылшаруашылығы зиянкестеріне қарсы күрес	778720	
	212 Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі	778720	
7	Басқа санаттарға жатқызылмаған ауыл шаруашылығы саласындағы қызмет	214008	
	212 Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі	214008	
2	Орман шаруашылығы	1014101	
	206 Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы	2000	
	212 Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі	1012101	
3	Балық аулау және аң аулау	65000	
	212 Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі	65000	
4	Ауыл шаруашылығы саласындағы зерттеулер және тәжірибелік талдамалар	5000	
	206 Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы	5000	
11	Басқа санаттарға жатқызылмаған ауыл шаруашылығы, балық аулау, аң аулау және табиғат қорғау саласындағы қызмет және қызмет көрсетулер	478052	
	218 Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі	478052	
11	Кен өндіру өнеркәсібі және отынды қоспағанда, пайдалы қазбалар; өңдеу өнеркәсібі; құрылыс	1090482	

1	Кен өндіру өнеркәсібі және отынды қоспағанда, пайдалы қазбалар	120482
	206 Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы	120482
3	Құрылыс	70000
	232 Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі	70000
11 4	Басқа санаттарға жатқызылмаған кен өндіру өнеркәсібі және пайдалы қазбалар, ұқсатушы өнеркәсіп және құрылыс саласындағы қызметтер мен қызмет көрсетулер	900000
	218 Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі	900000
12	Көлік және байланыс	304329
2	Су көлігі	120000
2	Су көлігін пайдалану	120000
	215 Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі	120000
7	Байланыс жүйелері	128360
	215 Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі	128360
8	Басқа санаттарға жатқызылмаған көлік және байланыс саласындағы қызмет	55969
	215 Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі	55969
13	Экономикалық қызметпен байланысты басқа да қызмет көрсетулер	26158689
3	Көп мақсатты даму жобалары	434070
	104 Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі	343980
	212 Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі	90090
4	Еңбекті жалпы ұйымдастыруды қоспағанда, жалпы шаруашылық және коммерциялық қызмет	675009
	218 Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі	535235
	232 Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі	139774
5	Еңбекті жалпы ұйымдастыру	271261

1	Ішкі көздерден ішкі несиелендіру	19982687
	115 Шығыс Қазақстан облысының әкімі	956592
	215 Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі	745290
	217 Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі	10221305
	218 Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі	150000
	299 Басқа да ұйымдар	7000000
	667 Екінші деңгейдегі банк	409500
	699 Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкі	5000000
2	Сыртқы көздерден ішкі несиелендіру	16842735
	104 Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі	171990
	115 Шығыс Қазақстан облысының әкімі	7338731
	212 Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі	2078540
	215 Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі	6494015
	232 Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі	759459
3	Сыртқы несиелендіру	81400
	217 Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі	81400
	Өтеу	- 3674886
5	ҰЙЫМДАРДЫҢ ЗАЕМДАРЫ МЕН ҚАРЫЗДАРЫН ӨТЕУ	- 3674886
1	Ішкі несиелендіруді өтеу	- 3253935
2	Банктер мен жекелеген банк операцияларын жүзеге асыратын ұйымдарды қоспағанда, ұйымдардың өтеуі	- 892629
2	Орталықтандырылған директивтік несие бойынша мерзімі өткен берешекті және сыйақыларды (мүдделерді) қайтару	- 135000
3	Ішкі республикалық есептеме бойынша несие жөніндегі мерзімі өткен берешекті қайтару	- 97500
4	Мемлекеттік ауыл шаруашылығын қолдау	- 43000

қорына берілген орталықтандырылған
дерективтік несиелер жөніндегі мерзімі
өткен берешекті қайтару

- 5 Қаржылық емес мемлекеттік кәсіпорындардың - 2129
өтеуі
- 6 Лизинг операцияларын жүргізуге берілген - 615000
несиелер бойынша қаражатты қайтару
- 4 Банктердің және банк операцияларының - 2297306
жекелеген түрлерін жүзеге асыратын
ұйымдардың өтеуі
- 1 Банктердің және банк операцияларының - 2297306
жекелеген түрлерін жүзеге асыратын
ұйымдардың өтеуі
- 5 Ішкі несиелендіруді өтеудің өзге де түрлері - 64000
- 1 Тікелей қаржыландыру бойынша қаражаттарды - 61500
қайтару
- 2 Жеке айналымдағы қаражаттың жетіспеушілігі - 2500
есебінен несие бойынша қаражаттарды қайтару
- 2 Сыртқы қарыздар бойынша борыштарды өтеу - 420951
мақсатымен жүргізілетін ішкі несиелендіруді
өтеу
- 5 2 Ұйымдардың өтеуі - 420951
- 1 Қазақстан Республикасы Үкіметінің - 420951
мемлекеттік кепілдіктері бар заемдар
бойынша өтеу

V. Бюджет тапшылығы - 110607506

VI. Қаржыландыру - 110607506

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 30 желтоқсандағы
N 1864 қаулысына
2-қосымша

Республикалық бюджеттен жергілікті бюджетке берілетін
Ішкі істер органдары бөлімшелерінің штат саны

Облыстар	Саны, бірлік
Ақмола	175
Алматы	316
Ақтөбе	142
Атырау	91
Шығыс Қазақстан	273
Жамбыл	154
Батыс Қазақстан	136
Қарағанды	358
Қызылорда	65
Қостанай	267
Маңғыстау	95
Павлодар	183
Солтүстік Қазақстан	242
Оңтүстік Қазақстан	356
Алматы қаласы	147
Жиыны	3000

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 30 желтоқсандағы
N 1864 қаулысына
3-қосымша

Қазақстан Республикасы
Көлік және коммуникациялар министрлігінің
"Қазақстан темір жолы" республикалық мемлекеттік
кәсіпорнына қарасты медициналық ұйымдарының тізбесі

Ақмола облысы

Ақмола темір жолының Жол ауруханасы, Ақмола қаласы

Ақтөбе облысы

Батыс темір жолының Жол ауруханасы, Ақтөбе қаласы

Атырау облысы

Емханасы бар аурухана, Атырау қаласы

Шығыс Қазақстан облысы

Емханасы бар, аурухана, Защита ст. (Өскемен қаласы)

Жамбыл облысы

Емханасы бар аурухана, Жамбыл қаласы

Қарағанды облысы

Сарыарқа темір жолының бөлімшелік ауруханасы,
Қарағанды қаласы

Батыс Қазақстан облысы

Емханасы бар аурухана, Орал қаласы

Қызылорда облысы

Емханасы бар аурухана, Қызылорда қаласы

Қостанай облысы

Емханасы бар аурухана, Қостанай қаласы

Павлодар облысы

Емханасы бар аурухана, Павлодар қаласы

Солтүстік Қазақстан облысы

Аурухана, Көкшетау қаласы
Емханасы бар бөлімшелік аурухана, Петропавл ст.

Семей облысы

Семей темір жолының бөлімшелік ауруханасы, Семей қаласы

Оңтүстік Қазақстан облысы

Түркістан темір жолының бөлімшелік ауруханасы,
Шымкент қаласы

Алматы қаласы

"Қазақстан темір жолы" РМК орталық клиникалық ауруханасы,
Алматы қаласы

Алматы темір жолының бөлімшелік ауруханасы,
(I-Алматы ст.), Алматы қаласы

Балалар жол ауруханасы, I-Алматы ст.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 30 желтоқсандағы
N 1864 қаулысына
4-қосымша

Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және
денсаулық сақтау министрлігінің республикалық бюджеттен
жергілікті бюджеттерге берілетін
арнаулы орта оқу орындарының

ТІЗБЕСІ

1998 жылдың 1 қаңтарынан бастап

Ақтөбе облысы

Ақтөбе темір жол көлігі колледжі

Оңтүстік Қазақстан облысы

Кентау экономикалық колледжі

1998-99 оқу жылынан бастап

Жамбыл облысы

Жамбыл Қазақ-Түрік есеп-экономикалық колледжі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ